ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 16 қыркүйек іс №1912-24-00-2/1198 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ш.Н.Ргебек
сот отырысының хатшысы А. Қойтан ала отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Алматы облысы «Кеген ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Qyran-team security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Сарыбаев Д.Н.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Алматы облысы, "Кеген ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Күзет қызметі бойынша 10 ақпан 2025 жылы № 10217102-1 Ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу веб порталда жарияланып, мемлекеттік сатып алудың қорытындысы №13945390 хаттамасы 21 ақпан 2025 жылдың негізінде «Qyran-team security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеңімпаз деп танылып, қызметтерге 03 наурыз 2025 жылғы №27 (180540004580/250027/00) мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарты жасалынған жалпы соммасы 2 700 000 (екі миллион жеті жүз мың) теңге 00 тиынды құрады. Келісім шарт 2025 жылдың 05 мамырында заңды күшіне енген болатын.

Келісім шарт бойынша жоспарланған жұмыс орындау мерзімі — шарт күшіне енген күннен бастап 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Алайда, шарт жасасқаннан кейін «Qyran-team security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз міндеттемелерін орындамады.

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 11.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.11.2025, судья Галымов Д. М., 17.12.2025
1912-25-3-1/1267

Осыған байланысты талап қоюшының тарапынан осы талап қою сотқа жүгінген.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабардар етілген жауапкер сот отырысына келмеді және себептерін сотқа хабарламады. Сот Қазақстан Республикасы АІЖК-нің (бұдан әрі – АІЖК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің /АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚР Заңының (бұдан әрі – заң) 12-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Уәкілетті орган мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастырады және оларға Заңның 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер тізбесін білдіреді. Осылайша, Жауапкер шарт бойынша міндеттеменің орындалмауына байланысты Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілуі тиіс.

Тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай екі тараптардың арасында жасалған шарт талап қоюшынын тарапынан бір жақты бұзылды.

Жауапкер өзіне алған міндеттерің толығымен орындамағаныны байланысты, талап қоюы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіруге жатады, себебі талап қою қанағаттандырылды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Алматы облысы, «Кеген ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі жауапкер «Qyran-team security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 11.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.11.2025, судья Галымов Д. М., 17.12.2025
1912-25-3-1/1267

«Qyran-team security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Qyran-team security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атынан жергілікті бюджетке 1 966 (бір мын тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ш.Н.Ргебек**

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 11.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.11.2025, судья Галымов Д. М., 17.12.2025

1912-25-3-1/1267